

## Жекеше нотариустарды есептік тіркеу тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 13 наурыздағы N 178 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 8 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 653. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 264 (V032625) бұйрығымен.

1. Жекеше нотариустарды есептік тіркеу тәртібі туралы осы Ереже (әрі қарай - Ереже) "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес дайындалған және сынақтан өткен және заңмен белгіленген тәртіпте нотариалдық қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар жекеше нотариустарды есептік тіркеу тәртібін белгілейді.

2. Жекеше нотариустарды есептік тіркеу (әрі қарай - есептік тіркеу) олардың нотариалдық аймақта қызмет етуінің аумағын анықтау және жекеше нотариустар туралы мағлұматтар банкін құру мақсаттарында жүзеге асырылады.

3. Есептік тіркеу жасырын сипатта болады және жекеше нотариустарды аумақтық әділет органында есепке қоюдан тұрады.

4. Жекеше нотариус есептік тіркеуден өту үшін аумақтық әділет органына белгіленген нысан бойынша өтініш береді (N 1 қосымша).

### Ө т і н і ш к е :

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген, нотариалдық қызмет жасау құқығына лицензияның;

2) жекеше нотариусты салық органында жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы к у ә л і к т і ң ;

3) азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру туралы шарттың;

4) төлқұжаттың (жеке куәліктің);

5) жоғары заңгерлік білім туралы дипломның нотариалды куәландырылған көшірмелерінің бір-бір даналары қоса беріледі.

Өтінішке белгіленген нысан бойынша толтырылған жеке сауал-сұрақ (N 2 қосымша) және жекеше нотариустың үйінің мекен-жайын растайтын құжатта қоса беріледі (АІБ-нен тұратын жерінен анықтама немесе ПМИК-нен N 3 нысан б о й ы н ш а а н ы қ т а м а ) ;

6) еңбек кітапшасы. < \* >

*Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

5. Өтініш берілген күнінен бастап үш күн аралығында әділет органының

қ а р а у ы н а

ж а т а д ы .

6. Жекеше нотариус осы Ереженің 4-тармағында аталған барлық құжаттарды берген жағдайда, аумақтық әділет органы осы адамның есептік мағлұматтарын Жекеше нотариустарды есептік тіркеу кітабына енгізеді (N 3 қосымша).

7. Осы Ереженің 4-тармағында көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынбаған жағдайда, есептік тіркеуге қоюдан бас тартылуы мүмкін.

8. Аумақтық әділет органы тек тиісті нотариалдық аймақта ғана әрекет жасайтын жекеше нотариустарға есеп жүргізеді.

9. Жекеше нотариусты есепке қоюдан кейін аумақтық әділет органы жергілікті нотариалдық палатаға ол жайлы хабарлама қағаз жіберуге тиіс (N 4 қ о с ы м ш а ) .

10. Есептік тіркеуден өткен жекеше нотариустың қызмет ету аумағы жергілікті нотариалдық палатаның ұсынысын ескере отырып, аумақтық әділет органының шешімімен белгіленеді.

11. Есептік тіркеуден өткен және белгілі аумақта нотариалдық әрекеттер жасауға кіріскен жекеше нотариус кәсіби қызметін бастаған күнінен бастап 30 күн ішінде аумақтық әділет органына өзінің нотариалдық әрекеттер жасау мекенін хабарлауға және өз мөрінің оттискісін ұсынуға тиісті.

11-1. Жекеше нотариусқа оның қызмет аумағын анықтағаннан кейін аумақтық орган Әділет министрлігіне тіркеуден өткен нотариустың жеке сауал-сұрағын және нотариустың төлқұжаттық деректері, оның тұрған жері, тұратын жері өзгерген жағдайда 40 күн ішінде қосымша мәліметтерді жібереді.< \* >

*Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

12. Нотариус төлқұжат мағлұматтары және орналасқан жері өзгерген жағдайда, оның өзгеруі туралы аумақтық әділет органына мәліметтерді хабарламаған жағдайда, "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес жекеше нотариус лицензиясының қолданылуы алты айға дейінгі мерзімге уақытша тоқтатылуы мүмкін.

13. Аумақтық нотариалды палата мүшесінен шығарған жағдайда жекеше нотариус тиісті әділет басқармасының есебінен шығарылуы тиіс, бұл туралы есептік тіркеу кітабында белгі қойылады.<\*>

*Ескерту. 13-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

N 1 қосымша

*Ескерту. Қосымша толықтырылды - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

-----  
есептік тіркеуді жүзеге

-----  
асыратын органның атауы

-----  
(кімнен) Т.А.Ә.А. (толық)

### Өтініш

Жекеше нотариус ретінде есептік тіркеу жүргізулеріңізді сұраймын

О с ы ө т і н і ш к е :

1. Жеке сауал-сұрақты;
2. Тұратын жерден анықтаманы;
3. Төлқұжаттың (жеке куәліктің) көшірмесін;
4. Жоғары білім туралы дипломның көшірмесін;
5. Нотариалдық әрекеттер жасау құқығына лицензияның көшірмесін;
6. Салық органында тіркелу туралы куәліктің көшірмесін;
7. Азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыру туралы шарттың көшірмесін
8. Еңбек кітапшасының көшірмесін қоса беріп отырмын.

Қолы \_\_\_\_\_

№ 2 қосымша

*Ескерту. Қосымша өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78 бұйрығымен .*

**Ж е к е ш е**

**н о т а р и у с т ы ң**

**Жеке сауал-сұрағы**

**Жалпы мәліметтер**

1. Тегі \_\_\_\_\_ аты \_\_\_\_\_  
Әкесінің аты \_\_\_\_\_
2. Туған күні \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ айы, \_\_\_\_\_ күні, \_\_\_\_\_ жылы
3. Туған жері \_\_\_\_\_
4. Білімі \_\_\_\_\_  
а) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ жоғары оқу орнының аты және оны бітіру күні
5. Диплом бойынша мамандығы \_\_\_\_\_  
Дипломның N \_\_\_\_\_ 19\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ берілген
6. Жалпы жұмыс стажы \_\_\_\_\_
7. оның ішінде нотариус болып \_\_\_\_\_
8. Нотариустың азаматтық-құқықтық жауаптылықты сақтандыруы

9. Төлқұжат (куәлік):  
Сериясы \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ қандай орган берген \_\_\_\_\_

Берілген күні \_\_\_\_\_

10. Үйінің мекен-жайы: \_\_\_\_\_

үйінің телефоны \_\_\_\_\_

11. Нотариалдық әрекеттер жасау мекені \_\_\_\_\_

ж ұ м ы с т е л е ф о н ы

Лицензияның нөмірі | Жекеше нотариус | Қолының үлгісі  
және берілу күні | мөрінің үлгісі |

N 3 қосымша

Жекеше нотариустарды есептік тіркеу кітабы

облыстың атауы

N Жекеше	Есептік Төлқұжаттың Лицензияның Жекеше Жекеше Жекеше Жазуды Ес
нотариус тіркеу- немесе жеке нөмірі, бе- нота-  нота-  нота-  енгіз- кер	
тың тегі ге қою  куәліктің N рілу күні  риус-  риус-  риус-  ген   -ту	
аты, әке күні  мен сериясы және лицен- тың  тың  тың  адам-  лер	
сінің  (күні,  (қандай ор- зияны бер-  үйінің кәсіби қызмет Т.А.Ә.	
аты төл. айы  ган және  ген орган  мекен- қызмет ету  А. жә.	
құжаты  жылы)  қашан бер-    жайы  -ті  аумағы не	
немесе    ген)      жүзеге   лауа-	
жеке          асыру    зымы	
куәлігі          мекені	
б о й ы н ш а	
1   2   3   4   5   6   7   8   9   10	

N 4 қосымша

Аумақтық нотариалдық палатаға

Жекеше нотариусты есептік тіркеу туралы

Хабарлама қағаз

1. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

2. Төлқұжат (жеке куәлік) \_\_\_\_\_

— — —

N, қандай орган және қашан берген

3. Үйінің мекен-жайы және пошталық индексі \_\_\_\_\_

4. Лицензияның нөмірі және берілу күні \_\_\_\_\_

5. Салық органында тіркелу туралы куәлік \_\_\_\_\_

— — —

нөмірі, берілу күні және куәлік берген органның атауы  
\_\_\_\_\_ облысы

әділет басқармасының бастығы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_